


ТОПЖАРҒАН

Келесі жылы құрылғанына 80 жыл толғалы отырған ауданымыздың арғы, бергі тарихын таразылап, шөжіреліңіңді танымал тұлғаларын есте қалдыру мақсатында жүйелі жұмыстар жоспарланып, қолға алынуда. Сондай игілікті істердің бірі аудандық мұражайда ұйымдастырылды.

Сексен жылдық тарихы бар ауданымыздың атын аспандатып, спорт саласына сүбелі үлес қосқан атақты палуан, қазақша күрестен Орта Азия мен Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы, спорт шебері



Қазақ күресіне еңбегі сіңген жаттықтырушы, марқұм Серік Демесіновтің есімін есте қалдыру мақсатында мұражайдан палуанға арналып бұрыш ашылды.

Атақты палуанға арналып жабдықталған бұрышқа Секеңнің өмірі мен еңбек жолы құнды құжаттар жинақталып, «Дарабоз» деген атпен стенді қойылған. Ы.Алтынсарин, М.Горький мектептерінің

оқушылары мен ұстаздары, аудандық спорт мектебінің жаттықтырушылары, өзге де арнайы шақырылған адамдар қатысқан іс-шараны аудандық мұражай директоры З.Сүйіндіков ашып, қонақтармен таныстырды.

Қазақ күресінің ауданымызда жан-

жақты дамуына өзінің бүкіл саналы ғұмырын арнаған сайыпқыран спортшы Секеңнің алдын көріп, тәлім алған шәрттері баршылық. Алды әлем чемпионы атанып, халықаралық жарыстардан жүлде алып жүрген шәкірттері жайлы, әйгілі палуанның спорттағы қол жеткізген жетістіктері төңірегінде, мұражай қызметкері Қ.Кейкин кеңінен мағлұмат берді.

Жас жеткіншектерге үлгі-өнеге боларлық естеліктер айтылған. Секеңнің шәкірттері, бүгінде жас спортшыларға ұстаздық етіп жүрген Талғат Сәдуақасов, Қайрат Мусин.

Қайдар Қанжановтардың ұстаздары жайлы айтқан қызықты әңгімелерін оқушылар ұйып тыңдады. Серік ағамыздың әр жеңісіне куә болып, дүбірлі жарыстарға ақ тілеумен шығарып салып отырған жары Күлтай апамыздың Секең жайлы толғаныстары да көңілдерге жып-жылы шуақ төтті. Ауданның 80 жылдық мерекесі қарсаңында өткізілген іс-шараның маңыздылығын тілге тиек еткен аудандық мәдениет және тілдерді дамыту

бөлімінің меңгерушісі Г.Ахметова жас спортшыларға Серік аталарындай шебер спортшы болыңдар деген тілегін айтқан. Ауданның 80 жылдығы қарсаңында мұражай жәдігерлерінің қатары тың деректермен толықтырыла түсер, мұражайдың жабдықталу деңгейі де талапқа сай жөнделер деген үкілі үмітте жоқ емес.

Қажымқанның жолын қуып, ауданымызда күрес спортының дамуына зор үлес қосқан Серік Демесінов сынды азаматтың елі үшін сіңірген еңбегі осылайша жастарға насихатталды. өзінің лайықты бағасын алып, аудандық

мұражайдан ойып тұрып орын берілген палуан ағамыздың эруағы риза болған шығар-ақ.